



1934 ЖЫЛҒЫ І БҮКІЛҚАЗАҚСТАНДЫҚ ХАЛЫҚ ӨНЕРІ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ СЛЕТІ АЯСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ АСПАПТЫҚ МУЗЫКАСЫ

Асет Джумабаев¹, Айжан Бердібай¹

¹Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы
(Алматы Қазақстан)

Аңдатпа. Қазіргі заман гуманитарлық ғылымдар зерттеулеріндегі маңызды мақсаттардың бірі – қоғамның өткені мен бүгінін түйсініп, болашақтағы бағыттарды жоспарлауға негізделген оның мәдениеті туралы тарихи түсінігін қалыптастыру болып табылатыны белгілі. Мұндай мақсатты жүзеге асыру этникалық сәйкестендіру үдерістерін түсінуге де өз ықпалын тигізеді. Осы ретте ұсынылып отырған мақала тақырыбының өзектілігі кеңестік кезең дамуының басында қазақ дәстүрлі аспаптық өнерінің тарихи фактілерін қалпына келтірудің маңыздылығымен байланысты. Осы орайда зерттеу материалы ретінде қазақ музыкасының көрнекті жинаушысы Александр Затаевичтің музыкалық-этнографиялық қызметінің 10 жылдығына арналған 1934 жылғы І Бүкілқазақстандық халық өнері қайраткерлері слетінің архивтік және жарияланған құжаттары алынды. Зерттеудің мақсаты сол құжаттар негізінде 1930 жылдардың ортасындағы қазақ дәстүрлі аспаптық музыкасының даму жағдайын зерделеу болып табылады. Мақаланы дайындау барысында слетке қатысушылардың құрамы, олардың қызметі, репертуары сипатталған дереккөздер, сондай-ақ, сол кездегі Қазақ АСКР үкіметінің халық өнерпаздарына деген мәдени саясатының бірізділігін куәландыратын құжаттар жиналып сарапталды.

Мақалада кешенді және жүйелі тәсілдер, музыкалық-тарихи, ретроспективті және идеографиялық әдістер қолданылды. Зерттеу нәтижесінде Қазақстанның әртүрлі аймақтарында, соның ішінде – батысы мен Балқаш өңірінде қобыз дәстүрінің даму фактілері ашылып, оның таралу географиясы қазіргі замандағыдан анағұрлым кең екені анықталды. Слеттің бірнеше күнгі бағдарламаларында жарияланған деректер сыбызғы күйлерінің негізінен еліміздің батысы мен

шығысында тарағанын растады. Қобыз өнерінде осы уақытқа дейін белгісіз Қорқыт күйлерінің, сондай-ақ, сыбызғыға арналған аңыз және тарихи күйлерінің болғаны анықталды. Слетте тартылған домбыра күйлері атауларының кейбіреулері А. Затаевич жинақтарынан белгілі болып, одан кейінгі кезеңдер мәдениетімізде насихатталса да, бірқатары жарияланған дереккөздерде кездеспегені мәлім болды. Бірнеше күй атаулары кейін жазылған басқа өңірлер нұсқаларымен бірдей немесе ұқсас атауда екені анықталды. Сонымен қатар, мұрағаттық құжаттардан алынған мәліметтер слеттен кейін халық аспаптары ұлттық оркестрінің құрамына кірген бірқатар көрнекті музыканттарды – синкреттік типтегі мәдениет жасаушылары ретінде сипаттайды.

Мақала І Бүкілқазақстандық халық өнері қайраткерлерінің слеті туралы болашақта жазылатын зерттеменің бір бөлігі ретінде де қарастырылуы мүмкін. Оның құжаттарының мазмұны отандық өнердің басқа түрлері мен жанрлар тарихының қазірге дейін беймәлім болып келген тұстарын толықтаруға да көмекеседі.

Түйін сөздер: қазақтың дәстүрлі аспаптық музыкасы, кеңестік кезеңнің басы, архивтік және жарияланған құжаттар, Затаевич, домбыра, қобыз және сыбызғы күйлері, таралу географиясы.

Дәйексөз үшін: Джумабаев, Асет және Айжан Бердібай. «1934 жылғы І бүкілқазақстандық халық өнері қайраткерлерінің слеті аясындағы қазақтың дәстүрлі аспаптық музыкасы». *Central Asian Journal of Art Studies*, т. 10, № 3, 2025, с. 53-75, DOI: 10.47940/cajas.v10i3.1067

Алғыс: «Central Asian Journal of Art Studies» журналының редакциясына, сондай-ақ анонимді рецензенттерге алғыс білдіреді.

Мақала 2023-2025: AP 19676609 «Жаңа гуманитарлы білімді қалыптастыру үдерісіндегі академиялық музыкатану ғылымы» гранты аясында дайындалды.

Авторлар қолжазбаның соңғы нұсқасын оқып мақұлдады және мүдделер қайшылығы жоқ екендігін мәлімдейді.

Кіріспе

Өткен ғасырда Ресейде және оған қарасты елдерде орын алған тарихи оқиғалар жаңа қоғамдық формацияның қалыптасуымен бірге, оның материалдық және рухани салаларының дамуына орасан өзгерістер әкелгені белгілі. Осы тұрғыда, 1920 жылы құрылған Қырғыз¹ автономиялық социалистік кеңес республикасының (Қырғыз АКСР) идеологиялық саясаты Кеңестер Республикасының негізгі бағыты — жұмысшылар мен шаруалардың қажеттіліктеріне сай мәдениетті қалыптастыру болғанымен, сол кезеңде еліміздің Халық ағарту комиссариатын Ахмет Байтұрсынов және басқа да мемлекет қайраткерлері басқаруы мен қолдауының арқасында ұлттық рухани құндылықтарды дәріптеу мен насихаттауға да айрықша көңіл

бөлінді. Бұл ретте еліміздің аталған сала бойынша ұстанған бағытын сол кезде басқа қоғамдық-экономикалық формацияға өтіп, зайырлы және индустриалды мемлекет жолын таңдаған Түркиямен салыстыруға болады. Зерттеуші Гулай Мирзаоглы өзінің «Бәла Бартоқтың түрік халық музыкасын зерттеуі: мәтіні, музыкасы, орындалуы» атты мақаласында Түркияның 1920 жылдардағы мәдени саясаты туралы: «After the establishment of Turkish Republic in 1923, in accordance with the changing political conditions, the state has started a search for a new identity. This search, with its political and cultural dimensions, has its root in Turkism. Such cultural politics based on Turkism and/or

¹1925 жылы 15 маусымда Қырғыз АКСР Қазақ АКСР болып өзгертілді.

nationalism, like in other countries, had to focus its attention on national culture and its unifying power. During the formative years of Turkish Republic, this tendency towards national culture became apparent. During this process some serious research activities on Turkish folklore, especially musical folklore, were conducted» — «1923 жылы Түрік Республикасы құрылғаннан кейін өзгеріп жатқан саяси жағдайларға сәйкес, мемлекет өзінің жаңа бірегейлік келбетін іздеуге бет алды. Саяси және мәдени жақтары бар бұл ізденіс түркілік негіздерге сүйенді. Басқа елдердегідей, Түркілік және / немесе ұлтшылдыққа негізделген мәдени саясат өзінің назарын ұлттық мәдениет және оның біріктіруші күшіне аударды. Түрік Республикасы қалыптасу жылдары ұлттық мәдениетке деген бетбұрыс анық көрінеді. Бұл кезеңде түріктердің, әсіресе, музыкалық фольклорын зерттеу жұмыстары жүзеге асты», — деп жазады (Gulay Mirzaoglu).

Алайда Түркия ел басқару ісін тәуелсіз мемлекет ретінде жүргізсе, қазақ елінің мәдени даму тұжырымдамасы таптық идеологиямен байланысты болды. Дегенмен, 1920 жылдардағы мәдени саясатымыздың басты жетістіктері — Александр Затаевичтің «Қазақ халқының 1000 әні» музыкалық этнографиялық жинағының жарық көруі, Ресейдің орталық қалаларында қазақ музыкасы концерттерінің ұйымдастырылуы, атақты әнші Әміре Қашаубаевтың Париж бен Майндағы Франкфуртта қазақтың биік ән өнерін насихаттауы — музыкалық мәдениетіміздің сол кездегі тарихының ең айшықты беттеріне айналғаны белгілі. Олардың ішінде А. В. Затаевичтің қазақ халық музыкасын жинап жариялауы мен оны өңдеуінің маңызын белгілі дәрежеде Венгрияның атақты композиторы және музыкалық этнографы Бэла

Бартоктың еңбегімен қатар қойып қарастыруға болады. Дәстүрлі музыканы жинау жұмысымен айналысқанда қос маманның мақсаттары мен әдістері өзара ерекшелінгенімен, оларды халық мұрасын орасан мол көлемде жинап, кітапқа жариялағаны мен өңдегені, сөйтіп, этномузыкатанудың маңызды бағытын ашқаны өзара ортақтастырады. Нельсон Давид Тэйлор «Бэла Барток: этномузыкалогия атасы» атты мақаласында ғалым Тэйлор Рай Нельсон: «Бартоктың күш жігері этномузыкалогия саласын қалыптастырды, себебі ол этникалық музыканы зерттеген алғашқы музыканттардың бірі болды... Оның академиялық жұмысы сол заман музыкасына өзгеріс енгізіп, батыс әлемі үшін бұрын зерттелмеген саланы ашты», — деп бағалайды (Devid Taylor Neison 2012). Өзінің музыкалық этнографиялық жинақтары арқылы қазақ халқының музыкалық мұрасын әлемге танытқан А. Затаевич еңбегі де еліміздің мәдениеті үшін тарихи мәні өшпейтін құбылыс болғаны анық.

«Қазақ халқының 1000 әні» кітабының маңызы сол кездің өзінде биік бағаланып, 1934 жылы Алматыда өткен *Бүкілқазақстандық халық өнері қайраткерлерінің I слеті* көрнекті музыкалық этнографтың аталған еңбегінің дайындығы аяқталып, баспаға ұсынғанына он жыл толуына арналды².

Осыған орай, мақаланың *зерттеу материалы* ретінде Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік архивінде сақталған 1934 жылғы I Бүкілқазақстандық халық өнері қайраткерлерінің слеті құжаттары алынды. Олардың құрамына: үкімет және салалық мекемелер тарапынан бекітілген қаулылар, слеттің жұмыс бағдарламалары, хаттамалары, оған қатысушылардың тізімдері, оларға арналған анкеталар, т.б. енді.

Бұл материалдардан және жарияланған дереккөздерден аталған іс-шараның Қазақстанның ағарту ісінің

²Ескеретін жәйт, кеңестік кезеңнің басында мұнымен деңгейлес іс-шара Орталық Азия елдерінің ешқайсысында өткізілген жоқ

комиссары Темірбек Жүргеновтың басшылығымен мемлекеттік деңгейде ұйымдастырылып, жан-жақты ойластырылып, өте мұқият дайындалып, оған үкімет тарапынан үлкен көңіл бөлінгенін білуге болады. Бұл қайраткердің слетты ұйымдастырудағы белсенді рөлі оның өз мақаласымен қатар, ол туралы замандасы - жазушы Әбділда Тәжібаев естеліктерінде де көрсетілген (Бауыржан Иманғалиев 89-90; 531). Ал Слеттың өткізілуі туралы ҚазССР Халық комиссарлары кеңесі Қаулысы слеттен бір жыл бұрын, яғни, 1933 жылдың 28 шілдесінде шығып, онда: «1. Халық ағарту комиссариатына осы мерейтойды өткізуді тапсырып, Алматы қаласына А. Затаевичті, Қазақстан және көрші республикалар халық музыкасы қайраткерлерін шақыру; 2. Алматы қаласында А. Затаевичтің қызметіне арналған баяндамасы бар, оның шығармалары орындалатын концерт ұйымдастыру; 3. А. Затаевичке қазақ әндерін жинау үшін ғылыми іс-сапар ұйымдастырып, оның еңбектерінің III-томының басылуын қамтамасыз ету; 4. А. Затаевичтің Қазақстанның музыкалық өміріне сіңірген құнды үлесімен табыстарын бағалап, Халық комиссарлар кеңесіне осыған байланысты мәселелерді пысықтау» қарастырылған (Затаевич 260).

Сонымен қатар, БКП (б) аудандық комитеті Мәдениет және Ленинизмді насихаттау бөлімінің меңгерушісі Қабулов және Қазақ АСКР үкіметінің Халық ағарту комиссары Жүргенов бекіткен «Партиялық, кеңестік және қоғамдық ұйымдар және халық ағарту қызметкерлеріне арналған үндеуде» БКП (Б) аймақтық комитетінің шешімін жүзеге асыру және Халық Ағарту Комитеті коллегиясының 20/IX-33 жылғы Қазақстанда ұлттық өнердің дамуы туралы қаулысына сәйкес, 1934 жылдың маусым айының алғашқы күндері Алматы қаласында халық өнері қайраткерлерінің Бірінші бүкілқазақстандық слеттің

шақырылуы туралы айтылып, оның негізгі міндеттеріне:

1) Қазақтың әндері мен күйлерінің көрнекті орындаушылары, қобызшылар, домбырашылар, сырнайшылар (сыбызғышы, қурайшы), бишілер, декламаторлар, ертегішілер, күлдіргілер, импровизаторлар, сықақшылар, суретшілер, мүсіншілер, ағаш шеберлері, зергерлер мен ою оюшыларды анықтау;

2) Революциялық және социализм құру кезеңдеріндегі жаңа әндер мен күйлер, частушкалар, өлеңдер және т.б. тақпақтар секілді халық шығармашылығын байқаудан іріктеу;

3) Қазақ оюларын, мүсіндері мен көркем суреттерін, сүйектен, ағаштан, тастан және металдан ойылған көркемдік нұсқаларды жинау;

4) Слетке халық өнерінің жоғарыдағы аталған салаларында шеберлігін көрсеткен барлық еңбекші қазақтар қатысуы мүмкін», — деп жазылған (Жүргенов, Қабулов 50).

Республикалық деңгейде өткен байқаудың алдын ала жан-жақты ойластырылғаны оған қатысқан өнерпаздарға арналған анкета сұрақтарынан да байқалады. Архив материалдары ішінде Батыс Қазақстан және Ақтөбе облысынан келген 11 күйшінің анкеталары сақталып, оның соңында ұлт аспаптар оркестріне жұмысқа қалуға келісетін-келіспейтіні туралы да сұрақ қойылған (Анкета № 108, с 5).

Мақала тақырыбының *өзектілігі* өткен ғасырдың 30-шы жылдарында қазақ музыкалық мәдениетіндегі тарихи оқиға — I Бүкілқазақстандық халық өнері қайраткерлері слетінің тарихи маңызымен байланысты. Кеңес үкіметінің 1920-1930 жылдардағы мәдени құрылыс саясаты аясында жүзеге асқан аталған іс-шара осыған дейін көбінесе белгілі өнер ұжымдарының немесе атақты өнер қайраткерлерінің шығармашылық жолына арналған еңбектерде қарастырылды. Жарияланған

дереккөздерге ғана сүйенген зерттеулерде Слет жеке эпизод ретінде ғана сипатталып, оның шын мәнінде 1930-шы жылдардың орта кезеңіндегі қазақтың дәстүрлі музыкалық мәдениетінің даму деңгейін айқындаған маңызды тарихи оқиға екендігі мамандардың назарынан тыс қалған. Осыған дейін жазылған қазақ музыкасы тарихында, негізінен, аталған байқауда озық шыққан және кәсіби өнер ұжымдарына шақырылған өнер қайраткерлерінің ғана есімдері аталып, еліміздің әртүрлі аймақтарынан бірнеше ай бойы іріктеліп келген өнерпаздар мен олардың әкелген репертуары атаусыз қалды. Сол себепті бұл тақырыпты ғылыми айналымға енгізу аспаптық мұрамыздың тарихына қатысты дерекнаманы толықтыруға елеулі үлес қосуы тиіс.

Мақаланың мақсаты — 1934 жылғы І Бүкілқазақстандық халық өнері қайраткерлері слетінің қазақтың дәстүрлі аспаптық мәдениетінің дамуындағы тарихи мәнін көрсету. Зерттеу мақсаттары: 1) слетке қатысқан күй жеткізушілер құрамын анықтап, 2) олардың құжаттарда сақталған репертуарына мән беріп, ол күйлерді дәстүр жалғастығы аясында қарастыру болып табылады.

І Слет туралы мәліметтер негізінен Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрінің тарихы туралы жазған зерттеушілер А. Жұбанов, П. Аравин және Б. Гизатов еңбектерінде кездеседі. Бұл мамандар аталған тарихи іс-шараның оркестр құрудағы орасан зор маңызын көрсетеді. Мұнда алғашқы автор слеттің алдында, жарты жыл бұрын, домбыра ансамблі аспаптарын жетілдіру барысында тенор домбырадан екі есе үлкен бас домбыра аспабын енгізіп, оркестрдің дыбыстық ауқымының кеңейгенін жазады. Сондай-ақ, көрнекті күйшілер М. Бөкейханов, Л. Мұхитов және Қ. Медетовтер өз күйлерін оркестрге аянбай ұсынғанын, ал композитор Иван Коцык жастарға

нота сауатын үйреткенін жазады. Соның нәтижесінде ансамбль 1934 жылдың маусымында Алматыда шақырылған І Бүкілқазақстандық слеттің концертіне қатысқанда, тыңдаушылардың, соның ішінде қазақ советтік музыка этнографиясының атасы А. Затаевичтің жылы лебізіне ие болғанын көрсетеді (Жұбанов. Ән-күй сапары 201). Сонымен қатар, А. Жұбанов слетке келген Ғ. Матов, Ж. Қаламбаев, О. Қабигөжиндердің ұсынған репертуары мен орындаушылық шеберлігіне үлкен мән береді (Жұбанов. Күй мерекесі). Музыкатанушы П. Аравин слетте домбыра ансамбліне скрипка (орындаушы Ғ. Дұғашев) және флейта (орындаушы Ғ. Бектасов) аспаптарының да қосылғанын жазған (Аравин. Ахмет Жұбанов, 44).

Б. Гизатов слетте домбыра ансамблі алғаш рет концерттік бағдарлама ұсынғанын, ансамбльдегі аспаптардың музыкалық-тәжірибелік шеберханада жасалғанын, сондай-ақ, оркестр мүшелері біркелкі костюм киіп шыққанын, репертуарында халық күйлері — «Кенес», «Би күйі», «Келіншек», «Қарабас», «Айжан қыз» және халық әндері «Балқурай» мен «Қарғаш» орындалғанын жазады (Гизатов Академик Ахмет Жұбанов 43 б).

Сонымен қатар, ғалым бұл іс шараға қатысушылардың өнері жоғары бағаланып, Қазаткомның 1934 жылдың 21 маусымында І Бүкілқазақстандық халық өнері қайраткерлері слетінің нәтижелеріне байланысты Қаулысында А. Затаевичтің қазақ халық әндерін жинап өңдеудегі зор еңбегі ескеріліп, Музыкалық техникумның домбыра үйірмесін ашу туралы ұсынысы мақұлданғанын, сондай-ақ, Қаулыда домбыра ансамблінің жұмыс тәжірбиесін және Республиканың социализм құру кезеңінде халықтың өсіп жатқан мәдени қажеттіліктерін ескере отырып, «Халық Ағарту Комиссариатының жанынан колхоз, совхоз және өндіріс

орындарына өнер көрсету үшін, I слетке қатысқан халық өнері қайраткерлерінен халық аспаптары оркестрін құрып, оны Республикалық бюджетке қосу» мәселесі қойылғанын көрсетеді. Б. Ғизатов еңбегінде көрсетілгендей, аталған Қаулыға сәйкес Қазақ АССР Халық ағарту комиссариатының арнайы бұйрығында Қазақ ұлттық оркестрінің құрылуы жөнінде былай деп жазылған: «Музыкалық-драмалық техникумның домбыра оркестрі мен Халық өнері қайраткерлері слетіне қатысқан ең үздік домбырашылар, қобызшылар және сыбызғышылар негізінде 25 маусымнан бастап «Қазатком атындағы ұлттық оркестрі»³ құрылды деп есептелсін». Бұл бұйрықта, сонымен қатар, оркестр қатысушылары арасында тәрбие жұмысын жүргізіп, 1934 жылдың қыркүйегінен музыкалық техникум жанынан қазақ халық аспаптар класын ашу ұсынылған (Ғизатов. Академик Ахмет Жұбанов 44, 45).

Мақаланы дайындау барысында кейбір қиындықтар туындағанын айту керек. Олар негізінен Слет материалдарының рәсімделуімен байланысты болды. Мысалы, тарихи себептерге байланысты, еліміздегі ресми құжаттар 1930-шы жылдары орыс тілінде толтырылғандықтан, I Бүкілқазақстандық слетке қатысушылар және олардың өнерін бағалаған қайраткерлердің басым көпшілігінің тегі ғана жазылып, инициалдары белгіленбеген. Сол себепті 6 облыстан келген фамилиясы ұқсас өнерпаздарды әртүрлі құжаттармен салыстыра қарастырмаса, оларды слетке қатысқан бір тұлға деп шатастыруға болады. Кейбір орындаушылардың тегі сол кездегі ұлттық өнерге елеулі еңбегі сіңірген қайраткерлердің тегіне сәйкес келген (мысалы, Өмірзақов, Смайылов⁴). Сонымен қатар, архив құжаттарында іс-шараға қатысқан кейбір өнерпаздардың тегі әртүрлі нұсқада жазылғандықтан, оларды бірнеше бөлек кісі ретінде қабылдауға негіз туады. Халық арасында

әншілер мен күйшілер негізінен өз тегімен емес, атымен танылғандықтан, бұл жағдай дереккөздерде Алматыда қалмай, еліне қайтқан дарын иелері туралы мәліметтерді іздеуді қиындатып, нәтижесінде, зерттеу жұмысының келесі кезеңінде облыстық архивтерден материалдар іздеу барысында да қолайсыздықтар келтіруі мүмкін. Өнерпаздар ұсынған ән мен күйлердің қазақша атаулары бірде орыс транскрипциясында жазылса, бірқатарының репертуары орыс тіліндегі аудармасы бойынша ғана берілген. Сонымен қатар, бұл іс-шараға қатысқан кейбір өнерпаздар қатысушылар тізімінде болғанымен, өнер байқауы бағдарламасында ол тұлғалардың не өзі, не репертуары көрсетілмеген. Слет қатысушыларының жұмыс тізімдері бірнеше нұсқада болғанынан, ол туралы жарияланған «Қазақстанская правда» газетіндегі мақалада архив құжаттарындағы тізімдерде көрсетілген 124 қатысушының бір бөлігі ғана белгіленген (Ерназаров, Джумабаев 21 июня 1934 г.).

Өкінішке қарай, слетке келген өнер қайраткерлерінің әкелген ұлттық музыкалық мұра нұсқаларының аудиожазбалары және олардың таспаға жазылғаны туралы деректер табылмады⁵. Сондай-ақ, байқаудың құрметті

³Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің атындағы ұлт оркестрі

⁴Слет қатысушылары мен байқау төралқасы мүшелерінің фамилиялары мақалада авторлар тарапынан қазақша транскрипцияға келтіріліп жазылды. XX ғасырдың екінші жартысында жарияланған дереккөздерде аты аталған күйшілердің инициалдары қосып белгіленді. Сонымен қатар, слет бағдарламасында атауы орысша жазылған күйлерді қазақ тіліне тәржімалаған — мақала авторлары.

⁵Белгілі ғалым Қ. Жұбановтың мақаласында Ермеков әкелген «Ақсақ құланның» жазылғаны туралы дерек айтылғанымен, ол таспа ҚР Орталық мемлекеттік архиві қорында кездеспеді.

Төралқасында болған А. Затаевичтің сол кезде нотаға түсірген жазбалары қазіргі уақытқа дейін әлі жарияланған жоқ.

Әдістер

Тарихи-архивтік материалға негізделгенінен, мақалада ретроспективті, идеографиялық және музыкалық-тарихи әдістер қолданылады. Ретроспективті әдісті қолдану еліміздің өткен ғасырдың 30-жылдарындағы дәстүрлі музыкалық мәдениеті туралы түсінік беруге көмектеседі. Идеографиялық әдіс слетке келген көрнекті өнер қайраткерлері мен олардың жеткізген бай мұрасын қарастыруға мүмкіндік береді. Музыкалық-тарихи әдіс көмегімен 1930 жылдар ортасында болған музыкалық жәдігерлер тақырыптарының оған дейінгі және одан кейінгі кезеңдердегі мәдениетіміздегі орнын анықтауға болады.

Талқылау

Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік архивінен алынған I Бүкілқазақстандық слетке қатысты құжаттарды зерттеу барысында олардың алғашқысы — Халық өнері қайраткерлерінің I Қазақстандық слеті мәжілісінің № 1 хаттамасы ең көлемді құжат болғаны анықталды. 1934 жылдың 14 маусымында басталған Слеттің құрметті Президиумына төрағасы Мирзоян жолдас бастаған ВКП (б) Өлкелік комитетінің II-ші пленумы сайланып, оның жұмыс президиумына: Аспаптық орындаушылар (Инструменталисты) бригадасының жауапты жетекшісі — Жұбанов, Бишілер (Хореографисты) бригадасының жауапты жетекшісі — Али-Ардобус, Әңгімешілер (Рассказчики) бригадасының жауапты

жетекшісі — Тәжібаев, Суретшілер, кескіш-шеберлер, ою оятын ұсталар бригадасының жауапты жетекшісі — Балқаев енді.

Аспаптық орындаушылар төралқасына, сонымен қатар, Брусиловский, Бөкейханов, Затаевич, Коцык, Мұхитов және Ланге (композитор) кірді (Заседание Первого казахстанского слета деятелей народного искусства 9).

Слеттің келесі күнінде (1934 жылдың 15 маусымы) өнер көрсеткен күйшілер I. Оңтүстік Қазақстан, II. Алматы облысы, III. Шығыс Қазақстан облысы, IV. Ақтөбе облысы, V. Батыс Қазақстан облысы, VI. Өртүрлі облыстардан⁶ келді. Бұл - күй кеңістігінің ұлан-байтақ еліміздің бүкіл территориясын қамтып, оның жалпыұлттық сипатын айқындайтынын көрсетеді.

Слет бағдарламасының аспаптық музыка орындаушылары өнер көрсеткен күні - 1934 жылдың 14 маусымында *домбыра, қобыз және сыбызғыға* арналған күйлер тартылды. Анығырақ айтқанда, онда домбыраға арналған 33 күй, қобызға арналған 13 және сыбызғыға арналған 3 күй тартылғаны белгіленген.

Қобыз дәстүрінің өкілдері атақты қобызшылардың аты көп шыққан Оңтүстік Қазақстан, Қарағанды облысымен қатар, *Шығыс Қазақстан, Ақтөбе, Орал* облыстарынан да келді. Жалпы алғанда, Слетке 6 облыстың бесеуінен (Оңтүстік Қазақстаннан — *Қаламбаев* (Қаламбаев) пен *Жүсінов*⁷ (Жусунов), Батыс Қазақстаннан — *Тілешов* (Тияльцов), Қарағанды облысынан — *Мықтыбаев* (Мыктыбаев), Шығыс Қазақстаннан — *Беркібаев* (Беркибаев/Баркибаев), Ақтөбеден — *Ағатанов* (Агатанов) секілді 7 қобызшы қатысқан.

Сыбызғы күйлерін слетте Батыс Қазақстан облысынан келген Уәлиев (Валиев/Балиев) пен шығысқазақстандық *Исламов*

⁶Қарағанды, Балхашстрой.

⁷Жүсіпов болуы да мүмкін.

орындады. Бағдарламада Уәлиев репертуарында «Ақсақ құлан», «Аязбай» және «Нарінген» күйлері болғаны белгіленіп, екінші сыбызғышы слет қатысушыларының Шығыс Қазақстан облысынан келген өкілдер тізімінде «сыбызғышы, биші» болып жазылып, тартқан күйлері көрсетілмеген.

Байқауда күйшілер өнері сыналған күні ұсынылған күйлердің басым бөлігі *домбырашылардың* орындауында болды. Олар еліміздің 6 облысынан келді. Солардың ішінде *Алматы* қаласы және *Алматы* облысынан — Ешмұхамедов (Ешмухамедов), Баймұхамбетов (Баймухамбетов), Рахымбеков (Рахимбеков); *Оңтүстік Қазақстан* облысынан — Еркеков, Құлымбетов (Құлымбетов), Қуандықов (Қуандықов /Қуандықов), Досымбеков, Серғазиев (Серғазеев), Ендібаев (Ендыбаев), Жиёмбаев; *Батыс Қазақстан* облысынан — Қабигожин (Қабигужин), Көптібаев (Копитбаев), Мұқанов (Муқанов), Матов, Өмірзақов (Омерзаков), *Шығыс Қазақстан* облысынан — Іргебаев (Иргебаев), Бітімбаев (Битимбаев), Базарбаев; *Балхашстройдан* — Сейітқасымов (Сейтқасимов), Тілешов (Тлешов); *Ақтөбе* облысынан — Құрманов (Қурманов) болды.

Алматы облысының тумасы *Рахымбеков* слетте 1) «Қара жорға» («Қара жорға»), 2) «Кенесары и Наурызбай во время пленения у киргизов» («Кенесары мен Наурызбайдың қырғыз тұтқынында болғандағы күйлері»);

Оңтүстік Қазақстаннан (Әулиеатадан) келген өнерпаз *Еркеков* 1) «Шаульдер» («Шәуілдір»), 2) «Ухожу» («Кетемін») күйлерімен қатар, 3) «Хромой құлан» («Дикая лошадь»), («Ақсақ құлан»), 4) «Бала құлан жосыған, түсемісін осыған» («Бала құлан жосыған, түсемісін осыған»), 5) «Айдағарға естиргень» («Айдағарға естірген») бөлімдерінен құралған циклді күйлерді орындады.

Аталған өңірден келген *Қуандықов* — 1) «Пара снох» («Қос келіншек»), 2) «Тоска» («Мұң»), ал Шаян ауданынан қатысқан *Досымбеков* — 1) «Боктерген» («Бөктерген») 2) «Бокейкус» («Бөкейқұс») күйлерін шерткен.

Шығыс Қазақстан облысы, Қарқаралы ауданыны *Іргебаев*⁸ 1) «Қосбасар» — Шабака (Шабақтың «Қосбасары»), 2) «Былкылдақ» — Таттимбет (Тәттімбет «Былкылдақ») күйлерін алып келді. Аталған аймақтан келген *Бітімбаевтың* орындаған күйлері - 1) «Теренкөк» («Тепенкөк» болуы мүмкін), 2) «Скушал ой-ой скушал» («Асадым ой-ой, асадым») және 3) «Тыранкөк» күйлері болды.

Қызылорда облысынан қатысқан өнерпаз *Жиёмбаев* бағдарламасы: 1) «Қоза с веревочкой» («Тұсаулы ешкі»), 2) «Олень» («Бұғы») күйлерінен құралды.

Ақтөбе облысы, Шалхар ауданынан келген *Құрманов*: 1) «Киренбель» («Күреңбел»), 2) «Толкын» («Толқын») және 3) «Торы жорға ат» («Торы жорға ат») күйлерін тартқан.

Батыс Қазақстан облысынан шақырылған өнерпаздар — *Қабигожин*: 1) «Илме ак желен» («Ілме ақжелең»), 2) «Сары арка» («Сарыарқа»); *Өмірзақов*: 1) «Булбул» («Бұлбұл»), 2) «Терис какпай» (Терісқакпай); *Матов*: 1) «Май жума» (Байжұма), 2) «Соқыр Есжан» («Соқыр Есжан»); *Мұқанов*: 1) «Ақжелен»/«Рыс коня» («Ақжелең»), 2) «Кюй, посвященный девушке, которая вела себя неприлично в обществе» («Қоғамда өзін әдепсіз ұстаған қызға арналған») күйлерін орындаған.

Слет қатысушылары тізіміне тегі жазылып кіргенімен, олардың

⁸1934 жылы Алматыға слетке Шығыс Қазақстаннан келген 36 жастағы Қасен Іргебаев туралы: «№ 10 аул, возраст 36 лет, муж, домбрист» деген деректер жазылған (ЦГА РК. Ф 81. оп 3. д 609)

кейбіреуінің қандай күй алып келгені белгіленбеген.

Архив құжаттарында Бүкілқазақстандық өнер қайраткерлерінің ішінде слетте орын алғандар осы іс-шараға қатысқаны туралы мақтау қағазбен, ақшалай және бағалы сыйлықтармен марапатталғаны көрсетілген. Олардың ішінде домбырашылар арасындағы байқау бойынша нәтижелер төмендегідей болды:

Кесте № 1

енгізілген (Гизатов 17).

Архив құжаттарында ол өнерпаздардың саны 30 болғаны туралы мәлімет пен олардың тізімі сақталған. Сонымен қатар, №685 ҚазССР Халық Комиссарлары Кеңесінің қаулысында Қазақ ұлттық оркестрін ұйымдастыру мәселесі қарастырылған. 1934 жылғы 24 маусымда Қазатком қаулысына сәйкес қабылданған бұл құжатта: «1) Қазақ ұлттық оркестрін ұйымдастыруға және оны қамтамасыз етуге 100 мың рубль

Кесте № 1. Домбырашылар арасындағы байқау бойынша нәтижелер көрсеткіші.

№	Аты жөні	Тұрғылықты жері	Марапаттары
1 орын	Қ. Жантілеуов	Батыс Қазақстан облысы	Мақтау қағазы; костюм /151 сом/
2 орын	Ә. Құрманов	Ақтөбе облысы	Мақтау қағазы; костюм /138 сом/
2 орын	Ермеков	Оңтүстік Қазақстан облысы	Мақтау қағазы; костюм /138 сом/
3 орын	Ғ. Матов	Батыс Қазақстан облысы	Мақтау қағазы; қалпақ (шляпа) пен аяқ киім (ботинки)
3 орын	Іргебаев	Шығыс Қазақстан облысы	Мақтау қағазы; қалпақ (шляпа) пен аяқ киім (ботинки)
3 орын	О. Қабіғожин	Батыс Қазақстан облысы	Мақтау қағазы; қалпақ (шляпа) пен аяқ киім (ботинки)

Қобызшылар тобы бойынша, 1-ші орынды әділқазылар алқасы Оңтүстік Қазақстан өңірі, Созақтан келген Ж. Қаламбаев пен Қарағанды күйшісі Д. Мықтыбаевқа бірдей бөліп берген. 2-ші орынмен Балқаштан келген қобызшы Тілешев марапатталады. Сыбызғышы Ы. Уәлиев осы аспап орындаушылары ішінен 1-ші орынға лайық деп табылды. Осы аталған өнепаздардың бәріне бағалы сыйлықтар беріліп, Уәлиевке, оған қоса, ақшалай сыйлық та табысталды. Одан кейінгі кезекте ақындар, әншілер, шеберлер мен зергерлердің марапатталған тізімдері берілген.

Зерттеуші Б. Гизатовтың еңбегінде атап өтілгендей, слеттің қорытындысы бойынша Қазақ АССР Халық Ағарту Комиссариатының қаулысына сәйкес, 25 маусымда № 220 бұйрықпен Музыка-драма техникумы жанынан ҚазАТКОМ атындағы 1-ші Ұлттық оркестрі құрылды. Оркестрдің құрамына домбырашылар, қобызшылар және сыбызғышылар

мөлшерінде смета бекітілсін, оның ішінде жалақыға — 84 мың рубль, оқу шығындарына — 10 мың рубль және музыкалық аспаптар сатып алуға — 6 мың рубль бөлінсін; 2) Бюджетті қайта қарау кезінде Наркомфин көрсетілген 100 мың рубль соманы енгізісін» - деп көрсетілген (Постановление Совета народных комиссаров 6).

Нәтижелері

Слетте тартылған қобыз күйлері ішінде күні бүгінге дейін бұл аспап репертуарында кеңінен орын алған «Айрауықтың ащы күйі», «Аққу», «Қасқырдың ұлуы», «Жез киік», «Қазан» күйлерін Оңтүстік Қазақстаннан келген Қаламбаев пен Жүсінов орындаса, Қорқыттың күйін (кюи Қорқыта) батысқазақстандық *Тілешов* жеткізді. Сонымен қатар, орындаушы «Жаңа күн» мен «Жетім қызды» әкелсе, осы күнге дейін дереккөздерде аты

аталмаған «Бозқырқа» мен «Ұшқыр ат» күйлерін Ақтөбе облысынан келген Ержанов тартты. Ақтөбелік екінші қобызшы Ағатанов бақсылық дәстүрге тән қимыл-қозғалыстармен күй орындап қана қоймай, домбырамен «Қаражас» күйін де тартты. Сонымен қатар, қобыз күйлері тізімінде Шығыс Қазақстан облысынан келген Беркібаев деген қобызшы қазіргі заман орындаушылары мен этномузыкатанушыларға мүлдем беймәлім «*Қорқыттың азнамаз*» және «*Қорқыттың қоңыр жорғасы*» күйлерін орындағаны туралы жазылған (Заседание Первого казахстанского слета деятелей народного искусства 12).

Слеттің басқа құжаттарында оған Қарағанды облысынан Мықтыбаев қатысқаны туралы деректер қалғанымен, бағдарламада оның қандай репертуармен шыққаны туралы мәліметтер кездеспейді. Сондай-ақ, қатысушылар тізімінде домбырашы болып белгіленген Балқаштан (Қоңыраттан) келген Тлешов қобызбен батырлардың қырғыздар тұтқынында болғанын толғаған «Кенесары-Наурызбай» тармақты күйлерін тартты.

Слетке келген қобызшылар репертуарының жартысына жуығы қазіргі кездегі музыка мәдениетінде аты беймәлім күйлер. Ал соңғы жылдары пікірталастар тудырып отырған Қорқыт күйлері оңтүстік және орталық аймақтармен қатар, еліміздің батысы мен шығысында да сақталғанын слет құжаттары дәлелдейді. Сонымен қатар, батысқазақстандық Тлешов жеткізген «*Жетім қыз*» күйімен аттас қобыз күйінің домбыраға түскен нұсқасы Жетісу күйлері кітабының *Аңыз күйлер* бөлімінде жарияланған (Мүптекеев, Медеубекұлы 46).

Уәлиев тартқан «Нариген» туралы деректер А. Жұбановтың «Сармалай» очеркінде келтірілген. Зерттеуші оны халық арасында кең тарап кеткен белгілі мазмұны бар күйлерге еліктеп және өз вариантында шығарған күй

деп көрсетіп: «Күйде сыртқы дауысқа еліктейтін кезеңдер жиі кездесіп отырады. Мысалы, інгеннің боздауына еліктеген үн сыбызғының төменгі регистрінде келтіріледі. Мұнда қазақ сыбызғышыларына тән сыбызғыға бос үрлеу емес, қайта дыбысты молайту үшін көмекке өз дауысын да қосады, кең жағдайда жуан дауыстағы бас дауысының қызметін атқарады. Мелодияға өзінің орнықты ерекше бояуын бере отырып, өзіндік екі дауысты қалыптастырады», — дейді (Жұбанов 280).

«Нариген» атауы ұқсас күйлер циклі Маңғыстау түбегінде тараған. А. Жұбанов және Т. Мерғалиев еңбектерінде «Нар идірген» циклінің: 1. *Шалдың тартқаны*, 2. *Жігіттің тартқаны* және 3. *Баланың тартқаны* атты тараулары аталады. Белгілі этномузыкатанушы С. Өтеғалиеваның «Мангыстауская домбровая традиция» кітабында түбек және Бөкей ордасы күйшілерінің шығармашылық байланыстары айтылғаны белгілі (Утеғалиева 9). Ал Уәлиев репертуарындағы «Нариген» бұл бейненің екі көрші аймақты әртүрлі аспаптарға арналған күйлер деңгейінде де ортақтастыратынын көрсетеді. Аталған көркемдік тақырыптың одан анағұрлым кең - халықаралық дәрежеде, нақтырақ айтқанда, түркі-моңғол халықтары арасында тарағанын зерттеуші С.Өтеғалиева: «В музыкально — поэтическом искусстве многих тюрко-монгольских (тувинцы, казахи, киргизы, туркмены, а также буряты, монголы, калмыки), преимущественно кочевых, народов весьма популярны легенды о верблюдице и верблюженке», - деп жазады (Утеғалиева, Легенды о верблюдице и верблюженке в инструментальном искусстве тюрко-монгольских народов. 187).

А. Жұбановтың Сармалай мен Ы. Уәлиевке арналған очерктерінде Аязбай сыбызғышының есімі аталмағанымен, слет бағдарламасында Ы. Уәлиев

орындауында осы тұлғаға тиесілі күйдің көрсетілуі аталған өңірде сыбызғы өнерін меңгерген басқа да кәсіби орындаушылардың болғанын айғақтайды.

Домбыра күйлерінің бірқатары авторлық тұрғыдан көрсетілсе, олардың басым бөлігінде күйшілердің есімі белгіленбеген. Бірінші топтағы күйлерге *Тәттімбеттің* «Былқылдағы», *Шабактың* «Қосбасары», «Соқыр Есжанды» жатқызуға болады. Олардың ішінде батысқазақстандық Матов алып келген «Соқыр Есжан» күйі туралы деректер күйші зерттеуші Т. Мерғалиевтің «Домбыра сазы» музыкалық-этнографиялық жинағында келтірілген. Жинаушы бұл күйдің Орал облысында болған Есжанның күйі екенін, оның шығу тарихын сол облыстың тумасы, кейін Саратовқа қоныс аударған Байсейітов Садықтан алғанын жазған (Мерғалиев 56). Ал этнограф А. Затаевичтің еңбегінде «Соқыр Есжан» күйі, Ғабдул Бөкейхановтың жеткізуінде хатталған (А. Затаевич 1000 песен киргизского народа, 167).

Ал Шабактың «Қосбасар» күйіне келгенде, Шабак аты А. Жұбановтың «Ән күй сапары» еңбегінде кездеседі. Автор: «...Тәттімбеттің қай жастан домбыра тартып, кімнен күй үйренгені жайлы қазір біздің қолымызда мәліметіміз жоқ. Сол өредегі аттары шыққан Саймак, Шабак, Тоқа, Дайрабай туралы ел аузында бар әңгімелердің бірқатары аңызға айналып кеткен», — деп, аталған «Қосбасар» күйінің авторын Арқаның атақты күйшілерінің қатарына қосады (Жұбанов 78).

Сондай-ақ, бағдарламада күй авторлары жазылмағанымен, мәдениетімізде атақты күйшілер туындылары ретінде танылған нұсқалар

да болды. Олар негізінен еліміздің Батыс Қазақстан облысы күйшілері әкелген мұра ішінде кездесті. Мысалы, Қабиғожин орындаған «Сарыарқа», А. Жұбанов жазғандай, Құрманғазының күйі. «Қазатком атындағы ұлттық оркестрге түскен нұсқасы осы күйшіден алынды» (Гизатов 18). Қабиғожин жеткізген «Ілме ақжелеңмен» аттас күй Маңғыстау күйшісі Есбай шығармашылығында кездеседі (Есенұлы 92). Құрманғазы күйлері жинақтарында «Ілме» күйі басылған. Қ. Ахмедияров құрастырған күйлер жинағында бұл күй Р. Омаров орындауында нотаға түссе, А. Тоқтаған дайындаған кітапта да сол нұсқа хатталып, тағы бір түрі Д. Нұрпейісованың нұсқасы бойынша Ғ. Әлжановтан алынған.

Өмірзаков әкелген «Терісқақпаймен» аттас нұсқалар Құрманғазы күйлері жинақтарында Қ. Жантілеуов, Д. Нұрпейісова және Р. Омаров орындауында хатталып, А. Жұбановтың көрнекті күйшіге арналған монографиясында бұл күйдің II-түрі Ж. Әйімбетовтен жазылып алынғаны көрсетілген⁹. Осы және Өмірзаковтың тартуындағы жазылған екінші күй — «Бұлбұл», сондай-ақ, Матов жеткізуіндегі «Байжұма» күйі еліміздің батыс аймағы өңірлерінде өмір сүрген басқа атақты күйшілерде де болғаны белгілі. Слет бағдарламасында соңғы күй «Майжұма» деп белгіленген. Тарихта Байжұма атты домбырашы болғанын жазған А. Жұбанов қазақ домбырашылары XIX ғасырда «Байжұманы» күйдің бір түрі, формасы етіп алып, «Ақжелең» сияқты әрқайсысы өзінше сол атты күй шығарып кеткенін меңзеп, «А. Затаевичтің бұл күйдің атын «Майжұмамен» (Масленицамен) байланысты дегені дәлелсіздеу сияқты», — деп көрсетеді (Жұбанов 95, 96). А. Затаевичтің қазақ музыкасына арналған алғашқы екінші жинағында онымен аттас күй Түркештің және Әлікейдің авторлығымен берілген (Затаевич 500 казахских песен и кюев 17, 75).

⁹Онымен аттас күйлер Қазақстанның батысымен қатар, басқа аймақтарында да кездеседі (Т. Мерғалиев 297 б., А. Тоқтаған 148, 152 б., Б. Мүптекеев 179, 199 б.)

Қазіргі кезде концерттік практикада жоғарыда аттары көрсетілген күйлерден Құрманғазының «Сарыарқа», «Терісқақпай», «Байжұма», Динаның «Бұлбұлы» кеңірек тараған.

«Торы жорға атпен» аталатын күй Т. Мерғалиев жинағында «Бұлбұл», «Соқыр Есжан» күйлері сияқты *тартыс күйлер* тарауында *Қыздың тартқан күйі ретінде* маңғыстаулық Ш. Ыбрайымов орындауында жазылып алынған (Мерғалиев 297 б). Сейтектің «Заман-ай» атты күйлер жинағында да күйші Ф. Сұлтановтан жазылып алынған «Торы ат» күйі кездеседі (Айтжан Тоқтаған, Айттолқын Тоқтаған 84).

Осыған ұқсас атаумен белгілі күй көрнекті күйші Қазанғап Тілепбергенұлы шығармашылық мұрасымен де байланыстырылады. Күйші-зерттеуші А. Райымбергенов еңбегінде ол «Тор жорғаның бөгелек қақпайы» және «Торы аттың кекіл қақпайы» деп аталып, жеткізуші Б. Басығараевтың орындауында хатталған (Райымбергенов 79, 96). Осы жерде ескеретін нәрсе, Құрманов — Қазанғап күйлері кең тараған Ақтөбе облысы, Шалқар ауданының тумасы.

Слет барысында дереккөздерде бұрын кездеспейтін бірқатар күйлерді Оңтүстік Қазақстан облысының өнерпаздары орындаған. Олардың қатарында «Шаульдер» («Шәуілдір»), «Боктерген» («Бөктергі») «Бокейкус» («Бөкейқұс») сияқты туындылар бар.

Орыс тілінде аудармалары жазылған «Тоска», «Пара снох», «Кюй, посвященный девушке, которая вела себя неприлично в обществе», «Скушал ой-ой скушал», «Ухожу», «Олень», «Волна», «Кенесары и Наурызбай во время пленения у киргизов», «Девочка сирота», «Коза с веревочкой», «Кюй, сыгранный аксакалом: Аймамбет, сидя у огня» күйлерінің қазақша атауы берілмегендіктен, олармен аттас нұсқаларды іздестіру қиындық туғызды. Олардың ішінде «Девочка сирота» —

«Жетім қыз», ал «Пара снох» — «Қос келіншек» деп аударылған жағдайда, онымен аттас нұсқалар оңтүстік-шығыс Жетісуда тарағанын айтуға болады (Мүптекеев, Медеубекұлы 42, 44).

«Тепенкөк» күйі А. Затаевичтің «Қазақ халқының 1000 әні» атты жинағында жарияланған, Торғай уезінің белгілі қоғам қайраткері А. Байтұрсыновтан жазылып алынған аттас күймен сәйкес келеді (Затаевич 1000 песен киргизского народа 241).

Слетте орындалған күйлердің ішінде көркемдік бейнесі әртүрлі аспаптарға арналған туындыларда қайталанып кездесетін нұсқаларға назар аударған жөн.

Солардың қатарындағы «Ақсақ құлан» күйі күні бүгінге дейін домбыраға арналған бірнеше нұсқасымен белгілі. Мұнымен аттас күйді А. Затаевич 1923 жылы өзінің алғашқы музыкалық-этнографиялық жинағында Орынбор бөлімі мысалдары ішінде алғаш рет жариялаған. Күйді жеткізуші - атақты күйші Қамбар Медетов¹⁰.

Елімізде «Ақсақ құлан» домбыра күйлері әртүрлі аймақтық дәстүрлер мен орындаушылық стильдерде тарағанын А.Есенұлы және Г. Елеусінқызының «Күй керуені» (Есенұлы, Елеусінқызы) және Ж. Жүзбайдың құрастыруымен жарияланған «Ақсақ құлан. Кетбұға

¹⁰Ганбар Медетов (собственно - Каратаев) по отцу - один из родственников знаменитого уральского акына Мухита Каратаева..., молодой человек, прошедший несколько классов б.Орнбургского реального училища, а в 1923году, когда я его записывал, состоявший слушателем Юридических курсов в Оренбурге. Хороший певец и великолепный домбрист, с громадной осведомленностью в области казахской народной музыки. Его интереснейшие сообщения (в том числе три великолепных кюя)помещены кроме Актюбинской, еще и в группах.Оренбургской и Туркестана165.484-485 [Примечания автора //Затаевич А. 1000 песен казахского народа. — Москва:Государственное музыкальное издательство,1963. - 468-516 сс.]

бидің күйлері» атты күй жинақтарынан да байқауға болады (Жүзбай).

Слет бағдарламасында «Ақсақ құлан» күйінің Оңтүстік Қазақстанда домбыра нұсқасында орындалғаны көрсетілсе, Батыс Қазақстаннан келген өнер қайраткерлері оны сыбызғы күйі ретінде орындаған. Яғни, бұл тақырыптағы күйдің 1930-шы жылдардың ортасында еліміздің әртүрлі аймақтарында сақталып, түрлі аспаптық үлгіде орындалғанын дәлелдейді. Айта кетерлігі, оңтүстікқазақстандық Ермаков «Ақсақ құланның» бірнеше тармағын орындаған.

Маңғыстаулық күйші М.

Өскенбаевтан алынған бұл күйдің осындай (бірнеше бөлімнен тұратын) нұсқасы 1990 жылы А. және С. Райымбергеновтар құрастыруымен шыққан «Күй қайнары» кітабында жарияланғаны белгілі. XX ғасырдың 30-жылдарына дейін «Ақсақ құлан» тармақты түрде, Ә. Мұхамбетованың жіктеуі бойынша, *аңыздың ішіндегі күй* ретінде орындалғаны белгілі. Бұл туралы атақты ғалым-тілтанушы Қ. Жұбановтың 1930-шы жылдар ортасында жазған «Қазақ музыкасындағы күй жанрының пайда болуы жәйлі» мақаласынан көруге болады (Мухамбетова 34). Зерттеуші әңгіме қосып тартып отыратын «Ақсақ құлан — Жошы хан» күйінің осы күнде үш түрлі нұсқасы бар екенін, олардың ішінде біріншісі — слетте жазып алынған Ермаков ұлының, екіншісі - Медет ұлының, ал үшіншісі - Бөкейхан ұлының нұсқалары екенін айтады. Олардың бәрінің де композициясы, құрылысы бойынша бір-бірінен өзара қашықтығын байқап: «Ел ішінде ең көп тараған, ең белгілісі Ермаков ұлының варианты. Ол бір күй емес, жатқан бір ертегі. Әңгіме айтылып отырады да сол әңгіменің ара-арасында бөлек-бөлек

мелодия ойналады», - дейді (Құдайберген Жұбанов 284, 285). Ал үзінділерден құралған күйдің біртұтас туындыға айналуы жөнінде ғалым Қ. Жұбанов былай деп жазады: «Медетұлының вариантындағы «Ақсақ құлан» күйінде әңгімедегі құланның ақсандаған қозғалысын сипаттайтын бөлікті ғана алып, оны ұлғайтып, би сипатына айналдырған симфонияны көреміз. Ал, Қамбардың вариантында «Ақсақ құлан» әңгімесіндегі барлық ұзақ музыкалық сәттерді біріктіріп, артығын алып тастап, қайталанатын тұстарын қысқартып, бас-аяғы тұтас, көлемді симфония жасап шығарғанын байқаймыз» (Құдайберген Жұбанов 586). Осылайша, ғалым слетте өнер көрсеткен Ермаковтың күйі тармақты екенін растап, Медетов орындауындағы нұсқаның оның дамыған түріне жататынына көз жеткізеді.

Слетте Уәлиев сыбызғыда орындаған «Ақсақ құлан» күйінің мәліметтері А. Жұбановтың Сармалай туралы очеркінде келтірілген. Мұнда көрнекті сыбызғышының екі шәкірті - Ысқақ Уәлиевтің әкесі Уәли мен Ерғали Жарықбасовтар аталып, олардың соңғысы: «орындаушылықтан басқа, күй шығарумен де айналысты. Оған «Жошы», «Ақсақ құлан» күйінің сыбызғыға түскен варианты және «Шанды көл» атты күйлері жатады», - деп, аталған аспапта «Ақсақ құланнан» басқа, «Жошы» күйінің де болғаны, яғни, олардың циклға ұқсас формада орындалғаны және оның басқа аспапқа арналған күй нұсқасы болғаны айтылады (Жұбанов 285)¹¹. Бұл дерек те Батыс Қазақстан сыбызғы күй өнерінде төл репертуарымен қатар, басқа аспаптан ауысқан күйлердің де болғанын көрсетеді. «Ақсақ құлан» күйі туралы жоғарыда келтірілген мәліметтер бұл көркемдік бейненің 1930-шы жылдардағы домбыра және сыбызғы өнерінде *аңыздың ішіндегі күй* және *аңызы бар күй* формасында тарағанын білдіреді.

¹¹Осы тұста ескеретін нәрсе, аталған очеркте ғалым «Ақсақ құланның» емес, «Ақсақ құла» күйінің ноталық нұсқасын келтірген.

Қоңыраттан келген Тілешов қобызда батырлардың қырғыздар тұтқынында болғанын бейнелеген «Кенесары-Наурызбай» тармақты күйлерін әкелсе, онымен тақырыптас күйді бірнеше күн бұрын сол слетте Алматы облысынан келген Рахымбеков домбырада тартқан. Атап өтетін нәрсе, Кенесары-Наурызбай тақырыбындағы нұсқалар А. Затаевичтің «Қазақ халқының 1000 әні» кітабында Ақмола облысынан екі ән және бір күй түрінде жазылған. Сонымен қатар «Наурызбай» әнінің III-ші нұсқасы А. Затаевичтің «Қазақ халқының 500 әні мен күйлері» жинағының Семей бөлімінде келтірілген. Ал өткен ғасыр соңында «Кенесары-Наурызбай» Алматы облысы, Райымбек ауданында туған Елемес Таласбайдан жазылып, «Жетісудың күйлері» кітабының «Аңыз күйлер» бөлімінде жарияланды (Мүптекеев, Медеубекұлы 328). Бұл деректер аталған тарихи тұлғалардың халық азаттығы жолындағы күресі кең географиялық аумақты қамтығанымен, олардың өшпес ерлігі негізінен Жетісу және Арқа өңірлерінің музыкалық нұсқаларында көрініс тапқанын айғақтайды.

Өнер байқауына келген бірнеше қатысушы өздерін синкретті типтегі өнер иелері ретінде көрсетті. Мысалы, Ж. Қаламбаев қобыз аспабының сүйемелдеуімен «Қайләйлім» әнін, Батыс Қазақстан өкілі Қали Жантілеуов «Есмырза» және «Арайғам», ал Шығыс Қазақстаннан келген Рүстембек Омаров «Балқұрай», «Юранда» әндерін айтса, ақтөбелік әнші Әли Құрманов «Күреңбел», «Толқын» және «Торы жорға ат» күйлерін тартты. Алайда 16 маусым бағдарламасында репертуары әндерден құралған Жантілеуов өнер қайраткерлерін марапаттау кезінде домбырашылар ішінен үздік танылып, 1 орын, және, керісінше, кейін белгілі әнші ретінде танылған Ә. Құрманов 15 маусымда домбырашылар байқауында өнер көрсеткен сол топта 2 орын алған (Утрение заседание 16 июня 1934 года)¹².

А. Жұбанов еңбектерінде Қ. Жантілеуовтің әкеліп, кейін оркестрлік нұсқалардың қалыптасуына негіз болған «Ақбай», «Адай» және басқа да күйлер туралы мәліметтер кездескенімен, мұндай деректер слет материалдарында сақталмаған. Ал бұл — слеттің ресми дерекнамасына түспеген бағдарламалардың да болғанын, бірақ олардың архивте сақталмағанын білдіреді.

Аталған республикалық өнер байқауынан озып шыққан өнерпаздардың бірқатары Қазатком атындағы ұлттық оркестрге қалдырылды (Домбровский оркестр имени КазЦИК 72).

Тұжырымдар

— Белгілі музыкалық этнограф А.В. Затаевичтің алғашқы жинағын аяқтағанының онжылдығына орайластырып өткізілген 1934 жылғы Бүкілқазақстандық халық өнері қайраткерлері слетіне еліміздің 6 облысының өкілдері қатысты. Олардың бұл байқауға алып келген репертуары қазақтың дәстүрлі аспаптық музыкасының сол кездегі даму деңгейінің маңызды көрсеткіштерінің бірі болып табылады.

— Домбыра, қобыз және сыбызғыға арналған нұсқалар ішінде қазіргі кезге дейін дереккөздерде аттары кездеспеген бірқатар күйлердің (мысалы, Қорқыттың «Қорқыттың азнамазы» және «Қорқыттың қоңыр жорғасы», т.б.) болғаны анықталды.

— Слетте орындалған домбыра күйлерінің біразының аттары қазіргі заманға дейін күйшілер репертуарындағы күйлер аттарына сәйкес келеді.

¹²Күйшілігімен танылған Ғ. Матов, араға уақыт салып оркестр алдына шығып, дирижерлық өнерді үйренген. А. Жұбановтың қолдауымен оркестр дирижері қызметіне кіріскен (Әмзе, 60).

— Әртүрлі аспаптарға арналған күйлер ішінде тақырыбы және мазмұндық бейнелері бірдей немесе ұқсас нұсқалар тартылды. Олардың қатарында «Ақсақ құлан» (домбыра және сыбызғы аспаптарында), «Жетім қыз» (қобыз және домбырада) күйлері болды. Сонымен қатар, мазмұны көбінесе домбыраға арналған тартыс күйі «Нар идірген» атауына ұқсас - «Нар иген» сыбызғыда орындалды.

— 1934 жылы слет халықтың күй мұрасын жеткізген бірқатар күйші өздерін синкреттік типтегі мәдениет жасаушысы ретінде көрсетті.

— Слет нәтижелері бойынша өнер байқауынан озған күйшілер сол іс-шараның артынша ұйымдастырылған Қазатком атындағы оркестрге қалдырылды.

Қорытынды

Мақалада пайдаланылған мұрағаттық құжаттар тарихи оқиғалар мен үдерістерді бейнелеп, оларды зерттеу мәдениетіміздің дамуының әртүрлі аспектілерін айшықтауға мүмкіндік беретінін көрсетті. Халық өнері қайраткерлерінің (домбыршылар, сырнайшылар, сыбызғышылар, қобызшылар, суретшілер, әншілер, күйшілер, бишілер, және т.б.) І Бүкілқазақстандық слетінің архивтік құжаттары ретроспективті ақпараттың маңызды көзі ретінде қарастырылды.

Дыбыстық және ноталық жазбалары сақталмаса да, мақалада аты аталған әртүрлі өнер қайраткерлері және олардың репертуарындағы күй атаулары отандық күйтануда аймақтық дәстүрлерді зерттеуге септігін тигізіп, жергілікті жерлердің дәстүрлі аспаптық музыкасының өткен ғасырдың 1930-шы жылдарындағы даму деңгейін және оның қазіргі заман мәдениеті тарихындағы болмысын анықтауға көмектеседі.

Слетке келген өнер қайраткерлерінің бір бөлігі ғана Алматыдағы мемлекеттік

өнер мекемелеріне қалдырылып, көбі туған жеріне қайтып кетті. Ол күйшілер мен әншілердің репертуары толық жазылып белгіленбеді. Ал бұл мәселе әртүрлі аймақтарда 1930 жылдары қандай музыкалық дәстүрлер, орындаушылық стильдер және жеке мектептерге тиесілі мұраның тарағанын білуге мүмкіндік берер еді.

Кейінгі буын мамандары Кеңес дәуіріндегі қазақ музыка тарихын зерттеуде бұрын аты аталмаған немесе қызметінің маңызы толық ашылмаған өнер қайраткерлері туралы деректерді келешекте толықтыру үшін:

1) Оларды жіберген облыстардың архивтеріндегі мәліметтермен;

2) Ол аймақтың мәдениет тарихына байланысты өлкетанушылық дереккөздермен;

3) Жергілікті ақын-жазушылардың естеліктері және көркемдік шығармаларымен танысуға тиіс.

4) Радио жүйесі облыстарда кейінірек ашылғанымен, жергілікті жерлердегі радио қорларында қазақ күйшілері, әншілері және жыршыларының аудио жазбаларын іздестіру жұмысы іске асуы қажет.

Ұсынылып отырған мақаланы жазу барысында қазақтың дәстүрлі күйлерінің 1930 жылдардағы даму жай-күйімен қатар, аталған өнердің одан кейінгі тарихына қатысты мәселе де туындады. Ол — осы күнге дейін елімізде қазақ күйлері жинақтарының, күй туралы зерттеулердің, олардың таспалары мен күйтабақтардағы жазбаларының библиографиялық көрсеткіштерінің құрастырылмауы. Бұл мәселе де болашақ зерттеушілердің қолға алуы тиіс маңызды істердің бірі.

1934 жылы өткен Халық өнері қайраткерлерінің І-ші слеті үздік өнерпаздарды іріктеп, оларды академиялық бағыттағы кәсіби өнер ұжымдарында (қазақ халық аспаптар оркестрі, филармония т.б.) қалдырып, кейін сол салада еңбек еткеніне

алғышарт болса, одан кейін халық күйшілері және ұлт аспаптар оркестрінің жеке орындаушылары бүкілодақтық және халықаралық халық музыкасы өнерпаздарының сайыстарына қатысты. XX ғасырдың екінші жартысынан бастап, халық музыкасын орындаушылардың

конкурстары атақты күйші композиторлардың мерейтойларына орайластырып өткізілуі ауызша тараған музыка өнерін насихаттау ісінің музыкалық өмірдің трансформациялық үдерістеріне сәйкес жүзеге асқанын көрсетеді.

Авторлардың үлесі

А.Ш. Джумабаев – I Бүкілқазақстандық халық өнері қайраткерлерінің слеті туралы архив деректері мен жарияланған еңбектер мәліметтерін жинау, мәтінді дайындау, дереккөздер тізімін рәсімдеу.

Вклад авторов:

А.Р. Бердібай – мақала жоспарын жөндеу, материалды жүйелеу, мәтінді редакциялау, аңдатпаны жазу.

Вклад авторов

А.Ш. Джумабаев – сбор архивных сведений и опубликованных источников о I Всеказахстанском слете деятелей народного искусства, подготовка текста, оформление списка источников.

А.Р. Бердибай – корректировка плана статьи, систематизация материала, редаKTуpa текста, написание аннотации.

Authors' contributions:

A.Sh. Dzhumabaev – collection of archival data and published sources about the I All-Kazakhstan meeting of folk art workers, preparation of the text, preparation of the list of sources.

A.R. Berdibay – correcting the outline of the article, systematizing the material, editing the text, writing an annotation.

Дәйеккөздер тізімі

Анкета № 108, для участника *Всеказакстанского слета деятелей народного искусства*, ЦГА РК Ф. 81, оп. 3, д. 608. с. 5. 15/VI. 1934 г.

Аравин, Петр., Жубанов, Ахмет. Алматы, Жазушы, 1966, с.80

Ахмедияров, Қаршыға. *Құрманғазы*. Алматы, Өнер, 2005, 192 б.

Гизатов, Бисенгали. *Академик Ахмет Жубанов* жизнь и творчество. Алма-Ата, Жазушы, 1972, с. 268.

Әмзе, Мүсілім. Қазақстан дирижерлік өнері: қалыптасу тарихы мен даму кезеңдері. Монография. - Алматы, Орхон, 2025 - 336 б.

Гизатов, Бисенгали. *Казахский оркестр им. Курмангазы*. Алматы, Ғылым, 1994.– с. 207.

David Taylor Nelson. *12-2012 Béla Bartók: The Father of Ethnomusicology*// Musical Offerings, Vol.3 (2012) NO 27.

Домбровский оркестр имени Каз ЦИК а в составе 30 чел //Список Участников Первого Всеказакстанского Слета Деятелей народного искусство, оставленных в гор. Алма-Ата и распределенных согласно их способностей и квалификации по театрально-музыкальным предприятием Краевого центра. ЦГА РК, Ф 81 оп 3 д 604. с. 72.

Есенұлы, Айтжан. *Күй – Тәңірдің күбірі*. Алматы, Дайк-Пресс, 1996, 208 б.

Есенұлы, Айтжан, Елеусізқызы, Гүлперизат. *Күй керуені*, Алматы, 1997, 160б.

Ерназаров, Джумабаев. *Об ознаменовании 1-го Казакстанского слета деятелей народного искусства*. Алма-Ата, Тип, Казакстанской правды, Заказ № 401, Казлито 230, 21 июня 1934 г.

Жанузакова, Зауре. *Казахская народная инструментальная музыка*. Алматы, Наука, 1964, с. 248.

Жубанов, Ахмет. *Күй мерекесі*. Коммунизм таңы газеті, 4 декабря 1954, № 218.

Жұбанов, Ахмет. *Ғасырлар пернесі*. Алматы, Жазушы, 1975, 400 б.

Жұбанов, Ахмет. *Ән-күй сапары*. Алматы, Ғылым, 1976, 478 б.

Жұбанов, Ахмет. *Құрманғазы Сағырбаев* өмірі мен творчествосы. Алматы, Жалын, 1978, 364 б.

Жұбанов, Құдайберген. *Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер*. Алматы, Ғылым, 1999, 581 б.

Жүзбай, Жанғали. *Ақсақ құлан. Кетбұға бидің күй мұрасы*. Астана, 2015, 105 б.

Заседания первого казакстанского слета деятелей народного искусства. /Протокол № 1/. ЦГА РК Ф. 81, оп. 3, д. 604. с. 9.

Заседания первого казахстанского слета деятелей народного искусства. // По всем партийным, советским и общественным организациям и работникам народного образования/. ЦГА РК Ф. 81, оп. 3, д. 604. с. 50.

Затаевич, Александр. *Исследования, воспоминания письма и документы*. Алма-Ата, Казахское государственные издательство Художественной Литературы, 1958, с. 304.

Затаевич, Александр. *1000 песен киргизского народа (напевы и мелодии)*. Оренбург Киргизск, Гос. Изд-во, 1925, с. 402.

Затаевич, Александр. *Қазақтың 500 ән, күйі*. Ғылыми қалпына келтірген, нота жазуларын редакциялаған және ескертулерді толықтырғандар: Жанұзақова Зәуре, Жүзбасов Қайролла, Қоспақов Зайнақұл, Сарыбаев Талғат. Алматы, 2007, 1148 б.

Иманғалиев, Бауыржан. Жүргенов Темірбек. Ж 89 Шығармалары. Әдеби-публицистикалық және ғылыми мұралары / *Құраст Бауыржан Иманғалиев*. – Алматы, Ел-шежіре, – 2013. –574 б.

Мерғалиев, Тымат. *Домбыра сазы*. Алматы, Ғылым, 1972, 316 б.

Mirzaoğlu F. G. *Béla Bartók's Turkish Folk Music Research: Text, Music, Performance*.

Мүптекеев, Базаралы, Медеубекұлы, Сағатбек. *Жетісудың күйлері*. Алматы, Өнер, 1998, 352 б.

Мухамбетова, Асия. *Казахский кюй*. Алматы, Дайк-Пресс, 2002, с.205.

Постановление Совета народных комиссаров КАССР № 685. 16 июля 1934 г. Об организации казахского национального оркестра.

Райымбергенов, Абдулхамит, және Аманова, Сайра. *Күй қайнары*. Алматы, Өнер, 1990, 288 б.

Тоқтаған, Айтжан. *Құрманғазы күйлері*. Алматы, Білім, 2005, 215 б.

Тоқтаған, Айтжан, және Тоқтаған, Айттолқын. *Сейтек Заман-ай*. Астана, Деловой Мир Астана, 2018, 180 б.

Утегалиева, Сауле. *Мангыстауская домбровая традиция*. Алматы, 1997, с. 55.

Утегалиева Сауле *Легенды о верблюднице и верблюженке в инструментальном искусстве тюрко-монгольских народов* // III Сибирский форум фольклористов: Тезисы докладов (16-20 июня 2025 г., Новосибирск) / отв. Ред. Е. Н. Кузьмина; Сиб. отд-ние РАН, Ин-т филологии СО РАН. Новосибирск: СО РАН, 2025. -С.187-189.

Утрение заседание 16 июня 1934 года, (Выступали певцы со всех областей), ЦГА РК, Ф 81 оп 3 д 604, с. 13.

References

- Anketa № 108, dlya uchastnika Vsekazakstanskogo sleta deyateley narodnogo iskusstva, TSGA RK F. 81, op. 3, d. 608. s. 5. 15/VI. 1934 g. (In Russian)
- Aravin, Petr., Zhubanov, Akhmet. Almaty, Zhazushy, 1966, s. (In Russian)
- Akhmediyarov, Qarshyga. Qurmangazy. Almaty, Óner, 2005, 192 b. (In Kazakh)
- Gizatov, Bisengali. Akademik Akhmet Zhubanov zhizn i tvorchestvo. Alma-Ata, Zhazushy, 1972, s. 268. (In Russian)
- Ámze, Musilim. Qazaqstan dirizherlik òneri: qalyptasu tarikhy men damu kezenderi. Monografiya. - Almaty, Orkhon, 2025 - 336 b. (In Kazakh)
- Gizatov, Bisengali. Kazakhskiy orkestr im. Kurmangazy. Almaty, Gylym, 1994.– s. 207. (In Russian)
- David Taylor Nelson. 12-2012 Béla Bartók: The Father of Ethnomusicology// Musical Offerings, Vol.3 `(2012) NO 27.
- Dombrovyy orkestr imeni Kaz TSIK a v sostave 30 chel //Spisok Uchastnikov Pervogo Vsekazakstanskogo Sleta Deyateley narodnogo iskusstva, ostavlennykh v gor. Alma-Ata i raspredelennykh soglasno ikh sposobnostey i kvalifikatsii po teatralno-muzykalnym predpriyatiyem Krayevogo tsentra. TSGA RK, F 81 op 3 d 604. s. 72. (In Russian)
- Yesenuly, Aytzhan. Kuy – Tənirdin kubiri. Almaty, Dayk-Press, 1996, 208 b. (In Kazakh)
- Yesenuly, Aytzhan, Yeleusizqyzy, Gulperizat. Kuy keruyeni, Almaty, 1997, 160 b. (In Kazakh)
- Yernazarov, Dzhumabayev. Ob oznamenovanii 1-go Kazakstanskogo sleta deyateley narodnogo iskusstva. Alma-Ata, Tip, Kazakstanskoy pravdy, Zakaz № 401, Kazlito 230, 21 iyunya 1934 g. (In Russian)
- Zhanuzakova, Zaure. Kazakhskaya narodnaya instrumentalnaya muzyka. Almaty, Nauka, 1964, s. 248. (In Russian)
- Zhubanov, Akhmet. Kuy merekesi. Kommunizm tany gazet, 4 dekabrya 1954, № 218. (In Kazakh)
- Zhubanov, Akhmet. Gasyrlar pernesi. Almaty, Zhazushy, 1975, 400 b. (In Kazakh)
- Zhubanov, Akhmet. Án-kuy sapary. Almaty, Gylym, 1976, 478 b. (In Kazakh)
- Zhubanov, Akhmet. Qurmangazy Sagyrbayev òmiri men tvorchestvosy. Almaty, Zhalyn, 1978, 364 b. (In Kazakh)
- Zhubanov, Qudaybergen. Qazaq tili zhòindegi zertteuler. Almaty, Gylym, 1999, 581 b. (In Kazakh)
- Zhubay, Zhangali. Aqsaq qulan. Ketbuga bidin kyy murasy. Astana, 2015, 105 b.

Zasedaniya pervogo kazakstanskogo sleta deyateley narodnogo iskusstva. /Protokol № 1/. TSGA RK F. 81, op. 3, d. 604. s. 9. (In Kazakh)

Zasedaniya pervogo kazakstanskogo sleta deyateley narodnogo iskusstva. //Po vsem partiynym, sovetskim i obshchestvennym organizatsiyam i rabotnikam narodnogo obrazovaniya/. TSGA RK F. 81, op. 3, d. 604. s. 50. (In Russian)

Zatayevich, Aleksandr. Issledovaniya, vospominaniya pisma i dokumenty. Alma-Ata, Kazakhskoye gosudarstvennyye izdatelstvo Khudozhestvennoy Literatury, 1958, s. 304. (In Russian)

Zatayevich, Aleksandr. 1000 pesen kirgizkogo naroda (napevy i melodii). Orenburg Kirgizsk, Gos. Izd-vo, 1925, s. 402. (In Russian)

Zatayevich, Aleksandr. Qazaqtyn 500 ән, kuyi. Gylymi galpyna keltirgen, nota zhazularyn redaksiyalagan zhәне yeskertulerdi tolyqtyrgandar: Zhanuzaqova Zaure, Zhuzbasov Qayrolla, Qospaqov Zaynaqul, Sarybayev Talgat. Almaty, 2007, 1148 b. (In Kazakh)

Imangaliyev, Bauyrzhan. Zhurgenov Temirbek. ZH 89 Shygarmalary. Әдеби- publitsistikalыq zhәне gylymi muralary / Kurast Bauyrzhan Imangaliyev. – Almaty, Yel-shezhire, – 2013. –574 b. (In Kazakh)

Mergaliyev, Tymat. Dombyra sazy. Almaty, Gylym, 1972, 316 b. (In Kazakh)

Mirzaoğlu F. G. Béla Bartók's Turkish Folk Music Research: Text, Music, Performance.

Muptekeyev, Bazaraly, Medeubekuly, Sagatbek. Zhetisudyn kyyleri. Almaty, Óner, 1998, 352 b. (In Kazakh)

Mukhambetova, Asiya. Kazakhskiy kyuy. Almaty, Dayk-Press, 2002, s.205. (In Russian)

Postanovleniye Soveta narodnykh komissarov KASSR № 685. 16 iyulya 1934 g. Ob organizatsii kazakskogo natsionalnogo orchestra. (In Russian)

Rayymbergenov, Abdulkhait, zhәне Amanova, Sayra. Kuy qaynary. Almaty, Óner, 1990, 288 b. (In Kazakh)

Toqtagan, Aytzhan. Qurmangazy kyyleri. Almaty, Bilim, 2005, 215 b. (In Kazakh)

Toqtagan, Aytzhan, zhәне Toqtagan, Aytolqyn. Seytek Zaman-ay. Astana, Delovoy Mir Astana, 2018, 180 b. (In Kazakh)

Utegaliyeva, Saule. Mangystauskaya dombrovaya traditsiya. Almaty, 1997, s. 55. (In Russian)

Utegaliyeva Saule Legendy o verblyuditse i verblyuzhenke v instrumentalnom iskusstve tyurko-mongolskikh narodov // III Sibirskiy forum folkloristov: Tezisy dokladov (16-20 iyunya 2025 g., Novosibirsk) / otv. Red. YE. N. Kuzmina; Sib. otd-niye RAN, In-t filologii SO RAN. Novosibirsk: SO RAN, 2025. -S.187-189. (In Russian)

Utreneye zasedaniye 16 iyunya 1934 goda, (Vystupali pevtsy so vseh oblastey), TSGA RK, F 81 op 3 d 604, s. 13. (In Russian)

Джумабаев Асет, Бердибай Айжан

Казахская национальная консерватория имени Курмангазы (Алматы, Казахстан)

КАЗАХСКАЯ ТРАДИЦИОННАЯ ИНСТРУМЕНТАЛЬНАЯ МУЗЫКА В КОНТЕКСТЕ І ВСЕКАЗАХСТАНСКОГО СЛЕТА НАРОДНОГО ИСКУССТВА 1934 ГОДА

Аннотация. Одной из важных целей в исследованиях современных гуманитарных наук является формирование у общества исторического представления о культуре, основанного на осознании ее прошлого, настоящего и проецирования будущего. Ее осуществление также способствует пониманию процессов этнической идентификации. В этой связи актуальность темы настоящей статьи обусловлена важностью восстановления ряда исторических фактов функционирования казахского традиционного инструментального искусства на начальном этапе развития Советского периода. В этой связи материалом исследования выступают архивные и опубликованные в печати документы І Всеказахстанского слета деятелей народного искусства 1934 года, приуроченного 10-летию музыкально-этнографической деятельности выдающегося собирателя казахской музыки А. В. Затаевича. Целью исследования является изучение состояния развития казахской традиционной инструментальной музыки середины 1930-х годов, нашедшего отражение в архивных документах. В процессе подготовки статьи были собраны и проанализированы источники о составе участников слета с характеристикой их деятельности, репертуара, а также документы, свидетельствующие о последовательности культурной политики правительства Казахской (Киргизской) АССР того времени по отношению к народным талантам. В статье были применены комплексный и системный подходы, музыкально-исторический, ретроспективный и идеографический, методы. В результате исследования были выявлены факты активного функционирования кобызово-домбрового традиционного искусства в разных регионах, в том числе, на западе Казахстана и в Прибалхашье, то есть география их распространения оказалась значительно шире той, которая сохранилась в последующие периоды. Подтвердились факты развития сыбызговой музыки – на западе и на востоке Казахстана. Были обнаружены названия до сих пор неизвестных кюев Коркыта, а также, кюя – легенды и кюя на историческую тему для сыбызгы. В программе нескольких дней проведения слета зафиксированы названия нескольких кюев для домбры, названия которых встречались в сборниках А. Затаевича и функционируют в музыкальной культуре до сегодняшних дней. Также были обнаружены и названия кюев, которые не встречаются в опубликованных источниках. Однако образная тематика некоторых из них встречается в образцах домбровой музыки других регионов. Вместе с тем, сведения из архивных документов характеризуют ряд выдающихся музыкантов, вошедших после слета в состав национального оркестра народных инструментов, как носителей культуры синкретического типа.

Статья может предоставлять собой интерес и как часть будущего исследования о І Всеказахстанском слете деятелей народного искусства, содержание архивных документов которого может дополнить ранее неизвестные страницы истории так же и других видов и жанров отечественного искусства.

Ключевые слова: казахская традиционная инструментальная музыка, начальный этап Советского периода, архивные и опубликованные документы, Затаевич, кюи для домбры, кобыза и сыбызгы, география распространения.

Для цитирования: Джумабаев, Асет, и Айжан Бердибай. «Казахская традиционная инструментальная музыка в контексте І всеказахстанского слета народного искусства 1934 года». *Central Asian Journal of Art Studies*, т. 10, № 3, 2025, с. 53-75, DOI: 10.47940/cajas.v10i3.1067

Благодарности: Выражаем глубокую признательность редакции «Central Asian Journal of Art Studies», а также анонимным рецензентам.

Авторы прочитали и одобрили окончательный вариант рукописи и заявляют об отсутствии конфликта интересов.

Jumabayev Aset, Berdibay Aizhan

Kurmangazy Kazakh National Conservatory (Almaty, Kazakhstan)

KAZAKH TRADITIONAL INSTRUMENTAL MUSIC IN THE CONTEXT OF THE FIRST ALL-KAZAKHSTAN GATHERING OF FOLK ART IN 1934

Abstract. One of the important goals in the research of modern humanities is the formation of society's historical view of culture, based on the awareness of its past, present and projection of the future. Its realization also contributes to understanding the processes of ethnic identification.

In this regard, the relevance of the topic of this article is conditioned by the importance of restoring the facts of the history of the functioning of Kazakh traditional instrumental art at the initial stage of development of the Soviet period. In this regard, the material of the study is the archival and published in the press documents of the I All-Kazakhstan meeting of folk art workers in 1934, timed to coincide with the 10 th anniversary of the musical and ethnographic activity of the outstanding collector of Kazakh music A. V. Zataevich. The purpose of the research is to study the documents reflecting the state of development of Kazakh traditional instrumental music in the mid-1930s. In the process of preparing the article, sources on the composition of the participants of the meeting with the characteristics of their activities, repertoire, as well as documents testifying to the consistency of the cultural policy of the Kazakh ASSR were collected and analyzed. The article applied complex and systematic approaches, musical-historical, retrospective and ideographic methods. The research revealed the facts of active functioning of kobyzy tradition in different regions, including in the west of Kazakhstan and in Balkhash, that is, the geography of their distribution was much wider than that preserved in subsequent periods. The facts of development of sybyzgy music were confirmed - in the west and in the east of Kazakhstan. The names of hitherto unknown kyuys of Korkyt, as well as kyuys - legends and kyuys on a historical theme for sybyzgy were discovered. In the program of several days of the meeting the names of several cues for dombra were recorded, the names of which were found in the collections of A. Zataevich and function in the musical culture until today. We also found the names of cues that do not appear in published sources. However, the figurative themes of some of them are found in samples of dombra music from other regions. At the same time, information from archival documents characterizes a number of prominent musicians who joined the national orchestra of folk instruments after the meeting as bearers of syncretic type culture.

The article may be of interest as a part of the future research on the I All-Kazakhstan meeting of folk art workers, the content of archival documents of which may supplement the previously unknown pages of the history of other types and genres of national art.

Keywords: Kazakh traditional instrumental music, initial stage of the Soviet period, archival and published documents, Zataevich, cues for dombra, kobyza and sybyzgy, geography of distribution.

Cite: Jumabaev, Aset, and Aizhan Berdibay. "Kazakh traditional instrumental music in the context of the First All-Kazakhstan Folk Art Festival of 1934." *Central Asian Journal of Art Studies*, т. 10, № 3, 2025, с. 53-75, DOI: 10.47940/cajas.v10i3.1067

Acknowledgements: We would like to express our deep gratitude to the editorial board of the Central Asian Journal of Art Studies, as well as to the anonymous reviewers.

The authors have read and approved the final version of the manuscript and declare that there is no conflict of interest.

Авторлар туралы мәлімет:**Сведения об авторах:****Information about the authors:****Джумабаев Асет Шалабаевич**

— Халық музыка факультеті
«Көне музыкалық аспаптар
кафедрасының 8D02104 —
«Дәстүрлі музыкалық өнер»
білім беру бағдарламасы
бойынша PhD докторанты.
Құрманғазы атындағы Қазақ
ұлттық консерваториясы
(Алматы, Қазақстан)

Джумабаев Асет Шалабаевич

— PhD докторант «Старинных
музыкальных инструментов»,
Факультета народной музыки
«по специальности 8D02104
— образовательная программа
«Традиционное музыкальное
искусство», Казахская
национальная консерватория
им. Курмангазы
(Алматы, Казахстан)

ORCID ID: 0009-0000-8795-7048

E-mail: aset.dzhumabaev@bk.ru

Jumabayev Aset Shalabaevich —

PhD doctoral student in “Ancient
Musical Instruments,” Faculty of
Folk Music, specialty 8D02104 —
educational program “Traditional
Musical Art,” Kurmangazy
Kazakh National Conservatory
(Almaty, Kazakhstan)

Бердібай Айжан

Рахманқұлқызы — Философия
докторы (PHD). Құрманғазы
атындағы Қазақ ұлттық
консерваториясы музыкатану
және композиция кафедрасының
доценті
(Алматы, Қазақстан)

Бердибай Айжан

Рахманкулқызы — Доктор
философии (PhD), доцент
кафедры музыковедение
и композиции Казахской
национальной консерватории
имени Курмангазы
(Алматы, Казахстан)

ORCID ID: 0000-0003-0733-1104

E-mail: a.berdiday@mail.ru

Berdibay Aizhan Rahmankulkyzy

— PhD in Arts, Associate
Professor, Musicology and
Composition Department.
Kurmangazy Kazakh National
Conservatory
(Almaty, Kazakhstan)